

Ешкі шаруашылығы



Тарихы:

Ешкі шаруашылығы (козоводство) - мал шаруашылығының бір саласы. Ешкіні ет, сүт, түбіт, жүн, тері өндіру үшін өсіреді. Е., әсіресе лақ, серке еті дәмді, сіңімді келеді. Түбіті мен жүнінен жеңіл, әрі берік орамал, қолғап, басқа да киімдер тоқылады. Терісінен жоғары сапалы шевро, замш, лайка былғарысы жасалады. Сүйегі, мүйізі, тұяғынан желім жасайды, ішегінен музыкалық аспаптарға ішек иіреді. Ешкі сүті емшектегі балаға жұғымды, одан қаймақ, май, ірімшік, құрт, айран, т.б. тағамдар дайындалады. Ешкі өсімтал келеді, екісінің бірі егізден, үштен лақтайды. Ешкі тұқымын асылдандыру, күтімі мен азықтандыруын дұрыс ұйымдастыру арқылы оның өнімділігін арттырады. Ешкі жылына бір рет қырқылып, бес айға дейін сауылады. Ешкі тоғыз – он жыл тіршілік етеді. Ешкі бір – екі, кейде бесеуден лақтайды. Жақсылап күтсе жылына екі рет төлдейді. Текесі 60 – 65 кг-ға дейін, ешкісі 40 – 60 килограмға дейін тартады. Жемденген ешкіден 20 – 28 кг ет, 4 – 6 кг май, жеті – он айлық лақтан 12 кг ет, 1,5 кг май алынады. Сүтті ешкілер жылына 450 – 550 кг, кейбір шаруашылықтарда 1 т-ға дейін сүт береді. Сүтінің майлылығы 3,8 – 4,5%. Жүндес тұқымды ешкі қылшығының ұзындығы 15 – 18 см болады. Ешкілерді көктемде, жылы аудандарда екінші рет тамыз – қыркүйек айларында қырқады. Текесінен 4 – 6 кг, ешкісінен 3 – 5 кг қыл алынады. Түбітті ешкіден 0,2 – 0,5 кг, кейде 2 кг түбіт алынады. Ешкі терісінен сафиян, шевро сияқты бағалы былғары жасалады.

Ешкі сүтінің қасиеті:

Емдік қасиеті

> Ешкі сүтін Гиппократ құрт ауруымен ауырғандарға ем ретінде ішуді ұсынса, Ибн Сина айналасындағыларға: «Балаларыңның алдында қартайып, мүсәпір халге жеткілерің келмесе, ешкі сүтін ішіңдер» деп, ұзақ жасауға пайдасы зор екенін атап өткен екен.

> Педиатрияда жаңа туған нәрестенің іш жүруін қалыпқа келтіру үшін ең бірінші ешкі сүтін береді және ана сүтін алмастыра алады, бірақ баланы ана сүтінен айырмағаныңыз жөн.

> Артық салмақ тастағысы келетін жандарға да ешкі сүтін ішу ұсынылады. Оның құрамындағы май адам денесіне артық май болып жиналмайды.

> Суық тигенде де пайдасы мол.

> Онкологиялық аурулардың алдын алады.

> Аяғы ауыр келіншектер ешкі сүтін ішсе, баланың қаңқасы, тістері жақсы дамиды.

Ескерту!

Ауруға ем іздеймін деп, ауру тауып алмаңыз. Ешкі сүтін танымайтын адамдардан, кез келген жерден сатып алуға болмайды. Сарып (бруцеллёз) ауруының инфекциясын жұқтырып алуыңыз мүмкін. Ішек ауруларымен ауырып қалмас үшін сатып алған сүтті жақсылап қайнатып алыңыз.




ЕШКІ КҮТІМІ:

Ешкі шаруашылығы - мал шаруашылығының бір саласы. Малды қыста қорада, қалған уақытта жайылым жерлерде бағады. Оларды азықтық дақылдармен қоректендіреді, мезгілімен дәрігерлік көмек көрсетіледі.

Ешкі - өте өсімтал мал. Ешкінің мүйізі қырлы, дене бітімі жеңіл, құйрығы қысқа келеді. Оның түбіті, жүні, терісі, еті мен сүті пайдаланылады. Ешкі бір – екі, кейде бесеуден лақтайды. Жақсылап күтсе жылына екі рет төлдейді. Ешкілерді көктемде, жылы аудандарда екінші рет тамыз – қыркүйек айларында қырқады.

Ешкі малы - текесі 60 – 65 кг - ға дейін, ешкісі 40 – 60 килограммға дейін тартады. Жемденген ешкіден 20 – 28 кг ет, 4 – 6 кг май, жеті – он айлық лақтан 12 кг ет, 1, 5 кг май алынады. Ешкі тұқымын асылдандыру, күтімі мен азықтандыруын дұрыс ұйымдастыру арқылы оның өнімділігін арттырады



Ешкіден түбіт, сүт, ірімшік, ет және бағалы тері өндіріледі.



Түбітті жүннен,біз түрлі
қалыңдықтың иірілген жіпті аламыз.

Түбіті иірілген жіптен мынадай
сияқты:шәлі, бөріктер,бөкебайлар,
кеудешелер, көйлектер, қолғаптар
шұлық және т.б. дүние-мүліктің
үлкен санын жасайды,

Ешкінің түбітінен осындай әдемі бас киім, шәлі, қолғаптар, жүн нәскилер жасайды.





Ешкінің сүті өте пайдалы және емшектегі балаларды қоректендіруде ешкі сүті жарамды. Ешкінің сүтінің жиі ананың сүтін орын басады.



Ешкінің етінен
түрлі тамақтарды
дайындайды.




Қазақстанда түбітті
орынбор, дон, таулы алтай
ешкілері, жергілікті қазақы
ешкілер, жүн беретін совет және
ангор ешкілері, сүт беретін
заанен ешкілері өсіріледі.

Ешкіні күтіп-баптау


Ешкіні күтіп-баптау

Ешкілер – талғампаз жануар емес, сондықтан оларды кез келген орында асырауға болады, ең бастысы оның тұратын орны құрғақ, жарық және онда өктем жел болмаса болғаны. Оның орналасқан жерінің температурасы +5-10 градустан төмен болмауы керек. Егер оның тұратын орны ылғалды болса, онда ешкі сүтінің майлылығы азаяды. Ешкі тұратын орынға кішігірім жем беретін аттақыр орналастырады. Аттақырдың төменгі шеті мен еденнің арасы 60-70 см. құрауы тиіс. Бұл малдың шөпті шашпауы үшін жасалады. Ешкілердің суы үнемі қабырғаға бекітілетін шелектерде болуы керек. Суды екі күнде бір рет ауыстырып отырады.




ЕШКІНІҢ НЕГІЗГІ-АЗЫҒЫ

Ешкінің құнарлы заттарды қажет етуі жасына, жүктілік мерзіміне, емізу мерзіміне және өнімділік деңгейіне байланысты болады. Дұрыс емізбеу, әсіресе жас кезінде, даму мен өсуінің артта қалуына алып келеді, мұндай ешкілер көп сүт бермейтін болады. Қорада тұру науқанында ешкілердің басты азығы ұсақ шабынды шөп болып табылады. 45 кг. салмаққа дейінгі ешкілерге тәулігіне 2 кг. жуық шөп береді. Дұрыс тамақтану рационасында шөптің болмауынан сүт өнімі мен сүттің майлылығы жылдам төмендейді. Дәнді азықтардың ішінен ешкілерге кебекті ұнтақталған немесе пісірілген түрінде, құрама жемді – сулы жемдермен бірге немесе бұқтырылған түрде беруге болады. Минералды заттардың ішінен ешкілерге ас тұзы мен бор беру керек. Ешкінің қыс мезгілінде қоректенуі шамамен 2 кг. шөптен, 2 кг. тамырлы жемістерден, 0,2-0,3 кг. концентраттардан тұрады.



Ешкі өсіру

Ешкілер – көбейгіш әрі тез өсіп жетілетін мал. Орташа буаздылық уақыты шамамен 150 күнді құрайды. Ешкінің жыныстық жетілуі 6-7 айынан 1,5 жылға дейін болатындықтан, оларды қашыруға 16-18 айында жіберген дұрыс. Ешкілерді кез келген үй жануарымен бірге бір орында ұстауға болады. Дұрыс коректендіріп, дұрыс қараған жағдайда ешкілер мүлдем ауырмайды.




Болжамды есептеулер

- Шығыстар:

- – лақ сатып алу – 10 дана x 6 000 теңге = 60 000 теңге.
- – шөп – 1 т = 5 000 теңге.
- – кебек, құрама жем – 2 000 теңге.
- Барлығы: 67 000 теңге

- Табыс:

- – Ешкіні сату: 4 дана x 12 000 теңге = 48 000 теңге, қалған ешкіні өсіп жетілдіруге қалдырамыз.
- – Жүн: ешкіні жарты жылда қырқу арқылы 1 ешкіден 150 г. жүн алуға болады x 10 ешкі = 1 500 г x 300 теңге (1 г құны) = 450 000 теңге.
- – Сүтін сату: күніне 4 литр x 250 теңге = 1000 теңге x 30 күнде = 30 000 теңге (айына), жарты жылда 180 000 теңге



Назарларыңызға көптеген рахмет!!!
Назарларыңызға көптеген рахмет!!!

